КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 10 шілде №7119-24-00-2/6240 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.Д. Смаилов
сот отырысының хатшысы Б.Д. Пірмановтың
ашық сот отырысында талап қою бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«SILK WAY - ZHIBEK ZHOLY» қоғамдық қоры

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
прокурор Р.Т. Байзульдинова
аудармашы Д.Е. Саметаева
талап қоюшының өкілі А. Әбдімәлікқызы
жауапкердің өкілі Д.В. Корепанов

**СИПАТТАУ БӨЛІГІ:**

2024 жылғы 15 ақпанда талап қоюшы (бұдан әрі – тапсырыс беруші) мен жауапкер (бұдан әрі – өнім беруші) арасында №17 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасалды. 2024 жылғы 15 ақпанында қазынашылық органдарда тіркелген шарттар, 2024 жылғы 31 желтоқсанына дейін жарамды.

Шарт талаптары бойынша өнім беруші тапсырыс берушіге жалпы сомасы 637 400 теңге болатын бейнеконференциябайланысынұсыну бойынша қызметтер, мерзімінде – шарт күшіне енген кезден бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін көрсетуге міндеттенді.

Шартқа техникалық ерекшелікке (№2 қосымша) сәйкес өнім беруші келесі тарифтерге қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті: а) «Бизнес» тарифі - 1 лицензия: 1) Қатысушылар саны 300-ден кем емес; 2) Бір есептік жазбаға 10 лицензиядан кем емес; 3) Конференциялардың шексіз саны; 4)

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Дербес конференцияның жеке сәйкестендіргіші; 5) Конференция ұзақтығын шектеу: 30 сағат; 6) Экранды бір уақытта көрсету; 7) Бейнеконференц байланыс функциясы; 8) Белсенді баяндамашының түрі; 9) HD-видео және HD-дауыстық байланыс; 10) Жергілікті жазу және/немесе 5 Гб-тан кем емес көлеміндегі MP4 және M4A форматында бұлттық жазу мүмкіндігі; 11) Күту залы; 12) Есептік жазбаларының иеленушілер мен әкімшілеріне пайдаланушыларды қосу, жою, рөлдер мен қосымша функцияларды тағайындау мүмкіндігі; 13) Жазбаларды қосу және өшіру, шифрлау, чат және хабарландырулар сияқты конференция басқару кеңейтілген элементтеріне қол жеткізу; 14) Пайдалану туралы есептерді келксі ақпаратпен қалыптастыру мүмкіндігі: қанша конференция өтеді, қай күндері, қатысушылар саны, конференция минуттарының саны т.б.; 15) Қосымша бағдарламалық өнімдерді пайдаланбай синхронды аударма үшін қосымша аудио арна құру мүмкіндігі, аудармашыны тағайындау функциясы, бейнеконференцияға қатысушылардың аудио арнаны (тілді) таңдау мүмкіндігі; 16) Жоспарлаушыны тағайындау; 17) Өтінімдер бойынша қолдау. b) «профессионалдық large meeting» тарифі - 2 лицензии: 1) Конференциялардың шексіз саны; 2) Бір есептік жазбаға 8 ұйымдастырушылардан кем емес; 3) Дербес конференцияның жеке сәйкестендіргіші; 4) Қатысушылар саны: 500-ден кем емес; 5) Конференция ұзақтығын шектеу: 24 сағат; 6) Экранды бір уақытта көрсету; 7) Бейнеконференц байланыс функциясы; 8) Белсенді баяндамашының түрі; 9) HD-видео және HD-дауыстық байланыс; 10) Жергілікті жазу және/немесе 1 Гб-тан кем емес көлеміндегі MP4 және M4A форматында бұлттық жазу мүмкіндігі; 11) Күту залы; 12) Есептік жазбаларының иеленушілер мен әкімшілеріне пайдаланушыларды қосу, жою, рөлдер мен қосымша функцияларды тағайындау мүмкіндігі; 13) Жазбаларды қосу және өшіру, шифрлау, чат және хабарландырулар сияқты конференция басқару кеңейтілген элементтеріне қол жеткізу; 14) Пайдалану туралы есептерді келксі ақпаратпен қалыптастыру мүмкіндігі: қанша конференция өтеді, қай күндері, қатысушылар саны, конференция минуттарының саны т.б.; 15) Қосымша бағдарламалық өнімдерді пайдаланбай синхронды аударма үшін қосымша аудио арна құру мүмкіндігі, аудармашыны тағайындау функциясы, бейнеконференцияға қатысушылардың аудио арнаны (тілді) таңдау мүмкіндігі; 16) Жоспарлаушыны тағайындау; 17) Өтінімдер бойынша қолдау. Сонымен қатар, қызмет өнім беруші келісім-шартты сүйемелдеу үшін ұялы және қалалық нөмерлері бар жеке менеджерді ұсынады. Дербес менеджер шарттың бүкіл мерзімі ішінде қызметті сүйемелдеуді қамтамасыз етеді. Сүйемелдеу аптасына 7 күн, тәулігіне 24 сағат жүргізіледі.

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 17.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.09.2024, судья Смаилов А. Д., 29.09.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Шарттың 3.1 тармағының 1 және 3 тармақшасына сәйкес, өнім беруші мыналарға: 1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге; Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін қамтамасыз етуге.

Шарт жасалған сәттен бастап қызмет ай сайын көрсетіліп жүрген.

Алайда, 2024 жылдың 5 сәуірінен бастап белгісіз жағдайларға байланысты жоғарыда көрсетілген тарифтік жоспарлар бойынша қызмет көрсетілу тоқтатылды.

Талап қоюшы сотқа өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 20 397 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы, жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамағанын көрсете отырып, талап қоюмен жүгінді.

Пікірде жауапкер тапсырыс берушіге шарт бойынша қызметтерді белгіленген мерзімде көрсеткенін көрсетеді. Талап қоюшы қаңтар, ақпан айларында көрсеткен қызметтері үшін әр айға 53 117 теңгеден төлем жасаған. Наурыз және сәуір айларында көрсетілген қызметтер туралы ұсынылған анықтамаларды талапкер қабылдамады.

Талап қоюшының өкілі А. Әбдімәлікқызы талапты қолдап, талапты қанағаттандыруды сұрады. 2024 жылдың 5 сәуірінен бастап жауапкер шарт бойынша қызмет көрсетпеген. Тексеру нәтижелері бойынша «Бизнес» және «Профессионалдық large meeting» тарифтеріне min.ek шотына техникалық шарттарға сәйкес лицензиялар берілгені анықталды. «Профессионалдық large meeting» тарифінде тариф пен лицензияны тексеру үшін есепшот қарастырылмаған. 2024 жылдың 9 шілдесінде шарт бұзылды. Лицензияның мерзімі бітті.

Жауапкердің өкілі Д.В. Корепанов мәлімделген талаппен келіспеді, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады. Теріс салдары жоқ. Талап қоюшы сотқа дейінгі түзетулер енгізген жоқ. Талап қоюшы жауапкерге жүйеде ақау бар екені туралы хабарламаған.

Прокурор Р.Т. Байзульдинова талап қою ішінара қанағаттандырылуы тиіс деген қорытынды берді.

**<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>**

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 277 - бабы 1-тармағының 272, 273-баптарының талаптарына байланысты міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда -

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 17.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.09.2024, судья Смаилов А. Д., 29.09.2024

7119-24-3-1/5849

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

АК-нің 359-бабының 1-тармағында, борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: 3) өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай шарттарды: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 17.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.09.2024, судья Смаилов А. Д., 29.09.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген.

Талап қоюшы 2024 жылдың 21 ақпанында және 5 сәуірінде шартты тиісінше орындамағаны туралы хабарлама-хаттар жолданды.

Алайда, өнім берушімен қызметтерді тиісті түрде көрсетілмеу әрі қарай жалғасты.

Аталған істі қарау барысында сот, шарт талаптарының жауапкермен тиісті түрде орындалмағанын, 2024 жылдың 5 сәуірінен яғни қызметтер жеткізілмегенін, тапсырыс берушімен өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамауына байланысты шарт біржақты тәртіпте бұзылғандығын назарға алып, сонымен қатар мемлекеттік сатып алулар заңнамасының нормаларын басшылыққа ала отырып, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

№2 талап бойынша

АК-тің 293 және 298-баптарына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес. Міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады (осы Кодекстің 359-бабы).

Жауапкердің шарттың 7.3-тармағында көзделген міндеттемелерді тиісінше орындамауы салдарынан талап қоюшы 2024 жылғы 5 сәуірнен 6 мамырға дейінгі кезеңде шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға мәлімдеген, бұл 20 397 теңгені құрайды, есебі: 637 400 теңге х 0,1% х 32 күн.

Ұсынылған есеп сотпен тексерілді, сот есепті дұрыс деп тапты.

Сот жауапкерді тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша жауаптылықтан босату үшін негіздерді қарастырмайды, өйткені оның тарапынан қабылданған міндеттемелерді бұзу орын алған.

Осыған орай, талап қоюшының талабы толық қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келді.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сәйкес талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 17.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.09.2024, судья Смаилов А. Д., 29.09.2024

7119-24-3-1/5849

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Сот АПК-нің 223-226 баптарын ала отырып,

**ШЕШТІ:**

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«SILK WAY - ZHIBEK ZHOLY» қоғамдық қоры мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«SILK WAY - ZHIBEK ZHOLY» қоғамдық қорынан мемлекеттік кірісіне 20 397 (жиырма мың үш жүз тоқсан жеті) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 458 (екі мың төрт жүз елу сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья А. Смаилов

Құжатқа қол қойылған: Смаилов А. Д., 17.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.09.2024, судья Смаилов А. Д., 29.09.2024

7119-24-3-1/5849